



Автор: Нурумова Мария

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...

Тақырып: С.Мұратбеков "Жусан иісі" повесінің тақырыбы мен идеясы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.1.1. Әдеби шығарманың жанрын, сюжетін, фабуласын анықтау; 6.1.2.1. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.
Сабақтың мақсаты:	- Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтайды. - Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіреді. - Өз ойын сауатты, ашық жеткізе біледі, әдеби шығарманы талдай алады.
Тілдік мақсаттар:	- Білім алушылардың сөздік қоры жетіледі. - Білім алушылардың сөйлеу мәдениеті қалыптасады.
Күтілетін нәтиже:	- Әдеби шығарманы талдау дағдысы қалыптасады.
Бағалау критерийлері:	- С. Мұратбеков туралы біледі. - Оқиға мазмұнын біледі. - Әдебиет теориясының ережелерін біледі. - Шығарманы әдебиет теориясына талдайды. - Шығармадағы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды. - Шығарманы сюжеттік желісіне талдайды.
Құндылықтарды дарыту:	- Адамгершілік, мейірімділік, еңбекқорлық, патриоттық құндылықтарды дарыту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	- https://youtu.be/-mg0W7DVL3Y ; - гуглформадағы тест;
Пәнаралық байланыс:	Тарих, география, қазақ тілі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (15 минут)	Топқа бөлу: 1,2,3 -ке санау арқылы бөлу. 1. Бірден үшке дейін санайды 2. Үш топқа бөлінеді. «Сиқырлы сөз» әдісімен білім алушыларды сабаққа психологиялық бағыттау. Үй тапсырмасы: 1-топ: «Дұрысын тап» әдісімен С.Мұратбеков туралы мәліметтерді анықтау. (1-қосымша) 2-топ: «Шашыраған сөздер» әдісімен әңгімені оқиғаларына қарай рет-ретімен орналастыру. (2-қосымша) 3-топ: «Сәйкестендіру» әдісімен тақырып, идея, жанр, фабула, сюжетті еске түсіру (3-қосымша) -Ендеше қаншалықты оқығанымызды тексеріп көрелік. Гугл формада тест алу. Сабақтың эпиграфы: Бақытжан Майтанов «Әңгімелері мәңгілік даңқтың иелігіне шақыру алған» сөзінің мәнін ашу. - Осы айтылған даналық сөзден нені байқадыңыздар? -Айтылған ойдың бүгінгі сабаққа қатысы бар ма? -Бүгінгі сабағымызда «Жусан иісінің» мәңгілік даңққа ие екендігіне көз жеткізейік. Мақсаты: әдеби теориялық ұғымдарды түсініп, шығарманы талдай білу және шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені түсіну. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын жариялау және топтарға тапсырма беру.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 минут)	1-тапсырма. Бейнежазбаны көреді, ой түйеді- 3 минут 2- тапсырма. Топтарға тапсырма. 1-топ: Шығарманың тақырыбы мен идеясын, жанры мен фабуласын анықтап, кесте толтырады. Тақырыбы Идеясы Жанры Фабуласы 2-топ: «Қос жазба күнделігі» әдісімен шығармада көтерілген 3 әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтап, кесте толтырады. Әлеуметтік-қоғамдық мәселе 3-топ: Шығарманы сюжеттік желісіне талдап, кесте толтырады. Оқиғаның басталуы О-ң дамуы, өрбуі О-ң шиеленісуі О-ң шарықтау шегі О-ң шешімі Дескриптор: -Шығарманы әдебиет теориясына талдайды. -Шығармадағы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды. - Шығарманы сюжеттік желісіне талдайды.	https://youtu.be/-mg0W7DVL3Y
Сабақтың соңы (5 минут)	«СМС» әдісімен білім алушылардың жаңа мағлұмат бойынша алған білімдерін айқындау 1.Чемодан – бүгінгі керекті ақпараттар 2.Еттартқыш – әлі де үйренуі, толықтыруы керек мағлұматтар 3.Себет – керек емес мәліметтер. Сабақты Мектеп.едудегі журналға бағалау. (Білім алушылар сабақты қорытындылап, кері байланыс беріп жатқанда баға қоямын)	
Рефлексия (5 минут)	Сабақта алған біліміне баға береді-1 минут Әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтай отырып неге үйренгендігі туралы ойланады-1минут Өзінің жаңа біліміне баға береді-1минут Жасаған жұмысы туралы есеп береді-1-минут	